

- 16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауға;
- 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды сейінге қалдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» калықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;
- 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз өтуге;
- 3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешіктірмей арттыруға (растастауға);
- 4) педагогтік әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндettі мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;
- 9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;
- 10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;